

**«Үздік педагог-ассистент»
қалалық байқауын өткізу туралы ереже**

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы ереже (бұдан әрі – Ереже) мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының педагог-ассистенттері үшін «Үздік педагог-ассистент» қалалық байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

1.2 Ереже «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Педагог мәртебесі туралы» Заңға, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына сәйкес әзірленді.

1.3 Байқаудың мақсаты: ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің алдыңғы қатарлы идеяларын жүзеге асыратын шығармашылық дарынды педагогтерді анықтау және қолдау, педагог-ассистенттердің әлеуметтік-кәсіби имиджін дамыту, педагогикалық жаңашылдық пен шығармашылықты ынталандыру, педагогикалық тәжірибені жалпылау нысандарын жетілдіру.

1.4 «Үздік педагог-ассистент» қалалық байқауының негізгі ұйымдастырушысы Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК болып табылады.

1.5 Байқау Ережесінің талаптарына сәйкес байқауға қатысуға өтінім берген, мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында кемінде 2 жыл жұмыс өтілі бар педагог-ассистенттер қатысады. Қатысушылардың жасына шектеу қойылмайды.

2. Байқауды өткізу тәртібі

2.1 Байқауды өткізу күндерін көрсете отырып, Байқау туралы хабарландыру Байқау басталғанға дейін 20 күн бұрын Әдістемелік орталықтың интернет-ресурсында орналастырылады.

2.2 Байқау жыл сайын өткізіледі.

2.3 Байқауға қатысу үшін Ереженің 1.5 және 2.3-тармақтарының талаптарына сәйкес келетін педагог-ассистенттер өтінім береді және барлық қажетті конкурстық құжаттарды өткізеді.

Осы Ережеде көрсетілген талаптар мен формаларға сәйкес келмейтін және/немесе материалдарды ұсыну мерзімінен кеш түскен материалдар қаралмайды.

2.4 Байқауға қатысуға арналған барлық материалдар қазақ немесе орыс тілдерінде ұсынылады.

2.5 Байқауды өткізу үшін байқау комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) құрылады. Комиссия құрамы Әдістемелік орталықтың бұйрығымен бекітіледі.

Байқау Комиссиясы:

1) Байқау кезеңдерін дайындауға, өткізуге тікелей басшылықты жүзеге асырады, өткізу мерзімдері, бағдарламасы, Байқау құзыреттерінің тізбесі бойынша ұсыныстар қалыптастырады;

2) қазылар алқасының құрамын бекітеді, қорытындылайды және жеңімпаздарды марапаттайды;



- 3) Байқаудың құжаттамасын (Байқау тапсырмалары, бағалау критерийлері, номинациялар бойынша қорытынды хаттамалар және басқа құжаттар) әзірлейді;
- 4) білім беру ұйымдарына ақпараттық хаттар, бағдарлама және т.б. жолдайды;
- 5) Байқауды техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді;
- 6) Байқауды ақпараттық жария етуді қамтамасыз етеді.

2.6 Байқау нәтижелері бойынша жеңімпаздар мен номинация иегерлері анықталады.

2.7 Байқауға қатысушыларды бағалау үшін қазылар алқасы құрылады, оның құрамы Әдістемелік орталық басшысының бұйрығымен бекітіледі. Қазылар алқасының құрамы Әдістемелік орталық қызметкерлерінен, тәжірибелі педагогтерден, педагогикалық шеберліктің кәсіби байқауларының жеңімпаздарынан құралады. Қазылар алқасы мүшелерінің саны кемінде жеті адамды құрайды. Қазылар алқасының төрағасы мен Төрағасының орынбасары қазылар алқасы мүшелерінің арасынан сайланады. Қазылар алқасының отырыстары оның мүшелерінің кемінде үштен екісі болған кезде заңды болып саналады. Хатшы қазылар алқасының мүшесі емес.

2.7.1 Қазылар алқасы критерийлерге сәйкес ең көп ұпай саны бойынша байқау жеңімпаздарын анықтайды.

2.7.2 Жеңімпаздарды анықтауды қазылар алқасының мүшелері жабық дауыс беру арқылы жүзеге асырады.

2.8 Байқау материалдары **2025 жылғы 18 желтоқсанға дейін** (қоса алғанда) «Байқау» белгісімен электрондық мекенжайға a.shayahmetova@astana-modern.edu.kz жіберілуі тиіс.

2.9 Қатысуға арналған байқау материалдары пакетіне мыналар кіреді:

1) сканерленген нұсқадағы нысанға (1-қосымша) сәйкес берілетін Байқауға қатысуға **өтінім**;

2) **бейнежазба** (педагог-ассистенттің оқушымен жеке жұмысының бейнежазбасы) 7-ден 10 минутқа дейін, өзін-өзі талдау (Байқау материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптар және оларды ұсыну тәртібі – 2-қосымшаға сәйкес);

3) педагогтің **бейне визиткасы** (техникалық шарттар мен критерийлер 3-қосымшада көрсетілген);

4) 4-қосымшаға сәйкес педагогтің **электрондық портфолиосы** (портфолио презентация түрінде, 7 слайдтан аспауы тиіс).

Байқауға қатысуға жіберілген материалдар рецензияланбайды (яғни жұмыстар тек жеңімпаздар туралы шешім қабылдау үшін қаралады, бірақ кеңейтілген кері байланыс немесе бағалау берілмейді) және қайтарылмайды.

Материалдарды ұсыну мерзімі – **2025 жылғы 18 желтоқсанға дейін**. Көрсетілген мерзімнен кеш келіп түскен, талаптарды сақтамай ресімделген материалдар қаралмайды.

2.10 Байқаудың қазылар алқасы ұсынылған материалдарды бағалайды, әр номинация бойынша қатысушылардың рейтингін жүргізеді және жеңімпаздарын анықтайды. Байқау нәтижелері қазылар алқасы отырысының хаттамасымен тіркеледі және Орталықтың ресми сайтында жарияланады.

3. «Үздік педагог-ассистент» қалалық байқауына қатысушыларға атақ, номинациялар беру тәртібі, критерийлері

3.1 «Үздік педагог-ассистент» атағы Байқауға қатысқан мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ББҰ) педагогтеріне конкурстық негізде беріледі.

3.2 «Үздік педагог-ассистент» атағы бір педагогке үш жыл ішінде бір реттен артық берілмейді.

3.3 Байқауға келесідей критерийлерге сәйкес келетін педагог-ассистенттер қатысады:

- ББҰ штаттық педагог-ассистенттері;

- Байқауға қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтінде осы лауазымда кемінде екі жыл үздіксіз педагогикалық өтілі бар.

3.4 Байқау төмендегідей номинациялар бойынша өткізіледі:

Жеңімпаздар (I, II, III орын):

1) «Мектептің үздік педагог-ассистенті»

2) «Балабақшаның үздік педагог-ассистенті»

«Үздік бейнежазба» номинациясы (педагог-ассистенттің оқушымен жеке жұмысының бейнежазбасы)

«Үздік бейне визитка» номинациясы

4. Байқау қорытындысын шығару

4.1 Байқау нәтижелері бойынша қазылар алқасы Байқаудың жеңімпаздары мен номинация иегерлерін анықтайды. Қазылар алқасы қосымша номинацияны анықтауға құқылы.

4.2 Байқау жеңімпазы рейтингте ең көп балл жинаған қатысушы болып табылады.

4.3 Байқау қорытындысы Әдістемелік орталықтың ресми сайтында және әлеуметтік желілерде байқау аяқталғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жарияланады.

4.4 Байқау жеңімпаздары мен номинация иегерлері Әдістемелік орталықтан дипломдармен марапатталады. Байқаудың қалған қатысушылары қатысушы сертификаттарын алады.

4.5 Номинация шеңберінде бәсекелестік орта болмаған жағдайда жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталмайды.

**«Үздік педагог-ассистент»
қалалық байқауына қатысуға
ӨТІНІМ**

Білім беру ұйымы:

I. Байқауға қатысушы туралы мәліметтер, ЖСН

1.1 Байқауға қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (толық):

ЖСН:

1.2 Лауазымы және еңбек өтілі:

1.3 Санаты (бар болса):

1.4 Телефон:

Ұйымның электрондық пошта мекенжайы:

1.5 Байланыс телефоны:

Қатысушының электрондық пошта мекенжайы:

II. Білім беру ұйымы әкімшілігінің осы қатысушыны (өтініш берушіні)
білім беру ұйымы басшысының қолымен және мөрімен куәландырылған
Байқауға ұсыну туралы шешімі:

Директор

Жеке қолы

Қолтаңбаның
толық
жазылуы

М.о.

**«Үздік педагог-ассистент»
қалалық байқауына материалдарын рәсімдеуге қойылатын
ТАЛАПТАР**

Педагог-ассистенттің ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушымен жеке жұмысының бейнежазбасы AVI, MPED, WMP (таңдау үшін) кеңейтімі бар электрондық нұсқада ұсынылады. Бейнежазба MS Word форматында жеке жұмыстың өзін-өзі талдауымен сүйемелденеді.

Қоса берілген файлдардың мәтіні келесі параметрлерді сақтай отырып ресімделеді: парақтың бағыты – кітап; алаңы: сол жақтан – 3 см, оң жақтан – 1,5 см, төменгі жағынан – 1,5 см, жоғарғы жағынан – 2 см; тақырып қарпі – Times New Roman, 14 кегль; негізгі мәтін қарпі – Times New Roman, 14 кегль.

Жіберілетін бейне файлдардың көлемі 2 Гб-тан аспайды, форматтары стандартты: mp 4 немесе avi.

Бейнероликтердің атауына «Қатысушының ТАӘ» форматында қол қойылады. Роликтің атауы. Ұйымның атауы».

Байқауға қатысуға өтінімдерді қабылдау үшін электрондық пошта мекенжайы – a.shayahmetova@astana-modern.edu.kz

Электрондық поштаның тақырып жолында өтініш берушінің толық аты-жөні және оқу орнының атауы болуы керек, сондай-ақ өтінім мен Байқауға қатысуға жіберілетін материалдар ББҰ ресми поштасынан жіберілу керек.

**Педагог-ассистенттің бейневизиткасына техникалық талаптар
және бағалау критерийлері**

- Формат: DVD, MPEG4. Минималды ажыратымдылық – 720х480 (12:8 см).
 - Бейнероликтің ұзақтығы – 1,5-2 минут.
 - Қатысушының аты-жөні жазылған ақпараттық экран сақтағышымен ресімдеу.
 - Бейнероликті монтаждау және түсіру кезінде арнайы бағдарламалар мен құралдарды пайдалану педагогтің қалауы бойынша жасалады.
- Бейнені түсіру және монтаждау кезінде арнайы бағдарламалар мен құралдарды, фотосуреттерді, бейне фрагменттерді, арнайы эффектілерді, фондық музыканы пайдалануға болады.
- Байқаудың тақырыбына сәйкес келмейтін, жарнамалық сипаттағы, басқа адамдардың қадір-қасиеті мен сезімдерін қорлайтын бейнероликтер қабылданбайды.

Педагогтің электрондық портфолиосының құрылымы
(презентация түрінде, 7 слайдтан аспауы тиіс)

1. Педагог туралы жалпы мәліметтер:

- тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) 3x4 көлеміндегі фотосуретпен қоса;
- жоғары білім туралы диплом;
- ғылыми дәрежесі (болған жағдайда);
- біліктілікті арттыру (сертификаттар, куәліктер);
- марапаттар (грамоталар, мадақтама парақтары, алғыс хаттар, пікірлер мен ұсыныстар, қашықтан және дәстүрлі біліктілікті арттыру курстарының сертификаттары, сондай-ақ білімді, курстарды аяқтауды, құрмет грамоталарын, сертификаттарды растайтын құжаттардың скан-көшірмелері).

2. Педагогикалық қызмет мониторингі:

- соңғы екі жылдағы сабақта/ұйымдастырылған іс-әрекетте оқушыны бақылау хаттамалары;
- талапқа сай емес (мінез-құлықтағы) жағымсыз әрекеттерді бақылау хаттамалары;
- мінез-құлықтағы проблемаларды түзету жоспары;
- педагог-ассистенттің оқушыны сүйемелдеу бағдарламалары;
- ата-анамен әңгімелесу сұрақнамасы;
- кәсіби байқауларға қатысу туралы мәліметтер (сертификаттар, грамоталар болған жағдайда);
- ЕББҚ бар балаларға психологиялық-педагогикалық көмек нәтижелері.

3. Ғылыми-әдістемелік қызметі:

Педагог жұмыс істейтін бағыт бойынша ақпарат:

- түзету-дамыту жұмыстары барысында қолданылатын технологиялардың, тәсілдердің және әдістердің сипаттамасы;
- дидактикалық материалдардың сипаттамасы (фотоматериалдар);
- педагог қатысқан семинарлар, байқаулар, дөңгелек үстелдер, фестивальдер материалдары;
- зерттеу жұмыстары;
- авторлық бағдарламалар, оқу-әдістемелік кешендер, әдістемелік материалдар және оларға қатысты хаттамалардың үзінділері (болған жағдайда);
- білім беру және әлеуметтік жобаларды іске асыру материалдары (болған жағдайда);
- шығармашылық есептер, семинарлар, ашық сабақтар, тренингтер, ғылыми-практикалық конференцияларда сөз сөйлеулер туралы мәліметтер;
- БАҚ-да жарияланған материалдар;
- тәжірибе алмасу бойынша жұмыс.

4. Сыныптан тыс (үйірмелік) жұмыс:

- балалардың шығармашылық жұмыстары (болған жағдайда);
- ата-аналардың, әріптестердің, педагогтердің, әлеуметтік серіктестердің, қоғамдық пікірлері;
- волонтерлік қызмет, қайырымдылық іс-шараларына қатысу.